

Кейіпкеріміздің 11 медике және даяшылармен жұмыс істей бастағанына 3 айға жуықтады. Ауылда 1 700 тұрғын бар десек, оның 500-ге жуығы бақылауда. Дәрігерлер мүлде жатып қалған 5 науқасқа күн сайын хабарласып, жәрдем жасайды.

3-БЕТ | АЙМАҚ АЙШЫҒЫ




Напомним, в прошлом году в Ерейментау состоялось долгожданное открытие обновленной площади у вокзала, ставшей ярким примером того, как идеи жителей могут кардинально изменить облик города.

6-БЕТ | ПРОГРЕСС



Ерейментау – өндірістік әлеуеті бар, әлеуметтік нысандары мен кәсіпкерлік субъектілері шоғырланған аудан орталығы. Қала мен оған қарасты елді мекендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында заманауи өрт сөндіру бөлімінің іске қосылуы – өңір үшін маңызды оқиға.

8-БЕТ | АЙНА

Газет 1935 жылдың 5 мамырынан бастап шығады

# ЕРЕЙМЕН

Дүйсенбі
№5 (9665)
16.02.2026

қоғамдық-саяси газеті

## ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Үмбетей жырау атындағы аудандық мәдениет үйінде «Конституциялық реформа: жаңашылдықтар мен негізгі өзгерістер» тақырыбында үкіметтік емес ұйымдар өкілдерімен диалог алаңы ұйымдастырылды.



Кездесу қоғам мен билік арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға арналды. Оған Ерейментау ауданы әкімінің орынбасары Ғабды-Сабыр Мұхамедди қатысып, конституциялық реформаның негізгі бағыттарына кеңінен тоқталды. Ол өз сөзінде реформалардың елдің саяси жүйесін жаңғыртуға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және азаматтардың құқығын қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталғанын атап өтті.

Жиында енгізілген жаңашылдықтар, заңнамалық өзгерістер және олардың елдің әлеуметтік-саяси дамуына ықпалы жан-жақты талқыланды.

Үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері өз ұсыныстарын ортаға салып, қоғамды толғандырған бірқатар сұрақтарын қойды. Ашық пікір алмасу пішінінде өткен кездесу өзара түсіністік пен сенімді нығайтуға мүмкіндік берді.

Кездесуде «Ереймен Елі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы және «Байтақ» партиясы Ерейментау аудандық филиалының өкілі Аманжол Апенов, AMANAT партиясы Ерейментау аудандық филиалының атқарушы хатшысы Мерей Қасенов пен Ерейментау ауданы білім бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Әлия Биболова азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы тұрақты диалог реформалардың тиімді жүзеге асуына оң әсер ететінін, мұндай кездесулердің тұрғындардың құқықтық сауатын арттырып қана қоймай, қоғамдық бастамаларды қолдауға жол ашатынын атап өтті.

Басқосудың соңында сөз сөйлеушілер алдағы уақытта да осындай пішіндегі кездесулерді тұрақты түрде өткізіп тұру қажеттігін айтты.

Диалог алаңының қоғам мен билік арасындағы ашық әрі сындарлы қарым-қатынастың маңызды тетігі екені тағы бір мәрте айқындалды. Жалпы мұндай пішінде ұйымдастырылатын кездесуде Конституцияның құқықтық мемлекет қалыптастырудағы, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудағы, сондай-ақ этносаралық келісімді нығайтудағы рөлі жан-жақты талқыланады. Осы орайда спикерлер еліміздің Ата Заңы барлық азаматтың тең құқықтылығын қамтамасыз ететін, қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың негізгі іргетасы екенін атап өтті.

Іс-шара аясында қатысушылар өзара пікір алмасып, елімізді дамыту, құқықтық мәдениетті арттыру және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолдарын сөз етті.

Диалог алаңы Қазақстан халқының бірлігі мен татулығын нығайтуға бағытталған маңызды алаң ретінде өз маңыздылығын көрсетті.

**Айдар ШАИНБЕКОВ,**
**Ерейментау ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы**

## «ЕРЕЙМЕН» – ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Аудан тынысының айнасы, қараша халықтың үні болған төл басылымымыз – «Ереймен» газеті жаңа кейіпте, жаңа серпінмен оқырманға жол тартты. Бұл – тек редакция ұжымы үшін емес, бүкіл аудан жұртшылығы үшін айтулы оқиға. Газет – тек ақпарат көзі емес, өңірдің шежіресі.

Ерейментау өлкесі – ертеден ерлік пен өнердің, қасиетті тарихтың мекені. Осындай киелі өңірдің тыныс-тіршілігін 30-жылдардан бастап қағазға түсіріп, аудан шежіресін хаттап келген төл басылымымыздың қайта жаңғыруы – тарихи әділдіктің салтанат құруы. Мен аудандық мәслихат төрағасы ретінде бұл оқиғаны өңіріміздің рухани өміріндегі ең маңызды қадам деп есептеймін. Тарихқа көз жүгіртсек, әрбір санында Отан соғысы жылдарындағы тыл еңбеккерлерінің қаһармандығы, тың игеру дәуірінің дүрмегі және тәуелсіздіктің алғашқы қиын-қыстау кезеңдері таңбаланған басылымда еліміздің тарихына алтын әріппен жазылар кезеңдер айқындалған. Бұл басылымда кезінде Ерейментау елінің аудан болып қалыптасуына атсалысқан ірі тұлғалардың ізі қалған. Сондықтан газеттің өзінің алғашқы бейнесінде қайта ашылуы – сол алтын көпірдің қайта жалғануы.

Бүгінде халық пен мемлекет арасындағы тікелей байланысты орнату – басты міндет. Газет – тек ақпарат қана емес, бақылау құралы. Осы басылым арқылы біз сайлаушыларымыздың мұң-мұқтажын тікелей еститін боламыз, ауданда атқарылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың ашықтығын қамтамасыз етеміз, Ерейментаудың тарихи тұлғаларын ұрпаққа үлгі тұтамыз.

Біз тарихымызды құрметтей отырып, заманауи Қазақстанның жаңа бейнесін бірге қалыптастырамыз. Цифрлық заман, әлеуметтік желілер қанша жерден қарыштап дамыса да ресми басылымның орны бөлек.

Газет – тарихтың мөрі. Ертең кейінгі ұрпақ Ерейментаудың бүгінгі бейнесін осы газет тігінділерінен іздейтін болады. Басылым – ауылдағы ағайынның үнін билікке жеткізетін, ел ішіндегі береке мен бірлікті насихаттайтын киелі қара шаңырақ. Газеттің ғұмыры – оқырманның қолдауында. Мен әріптестерім мен барша аудан тұрғындарын осы игі іске



атсалысуға, басылымға жазылып, оның мазмұнын байытуға шақырамын.

«Еремейннің» үні ешқашан үзілмесін! Төл газетіміздің жолы ақ, оқырманы көп болсын!

**Медеу ӘБЖІКОВ,**
**Ерейментау ауданы мәслихатының төрағасы**



## АРДАГЕРЛЕР АРДАҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Ерейментау аудандық филиалының кезекті XI есеп беру және сайлау конференциясы өтті.

Ауқымды жиынға «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Ақмола облыстық филиалы төрағасының орынбасары Алпыс Бекенов, аудан әкімі Нұрлан Мұқатов қатысып, ардагерлер қауымына ізгі тілектерін білдірді.

Нұрлан Зияйденұлы ардагерлердің аудан өміріндегі орны ерекше екенін атап өтіп, олардың ел бірлігі мен қоғамдық тұрақтылықты нығайтудағы еңбегіне жоғары баға берді. Одан кейін аудандық ардагерлер кеңесінің I ұйымдық пленумында кеңестің есептік баяндамасы тыңдалып, жаңа құрамын сайлау, облыстық ардагерлер конференциясына делегаттарды және тексеру комиссиясын сайлау мәселелері қаралды.

Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сапарғали Оразалимов өз есебінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ардагерлер ұйымдарының белсенді рөлін атап өтті. Сонымен қатар мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда айқындаған стратегиялық даму бағыттарын түсіндіру мақсатында елді мекендерде кездесулер ұйымдастырылып, насихат жұмыстары жүргізілетінін жеткізді.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе Ерейментау аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасын сайлау болды. Кеңес мүшелерінің бірауыздан қабылдаған шешімімен Сапарғали Оразалимов аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қайта сайланды.

Конференция аясында Ерейментау ауданының «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Туған жер – тұғырың» атты тақырыптық көрмесін, ал Бөгенбай батыр атындағы тарихи-өлкетану музейі «Суретшінің сырлы әлемі» көрмесін көпшілік назарына ұсынды.

Пленум қорытындысында аудандық ардагерлер кеңесінің бірқатар мүшесі аудан әкімінің Алғыс хаттарымен және «Ардагерлер ұйымы» РҚБ төрағасының атынан Құрмет грамоталарымен марапатталды.

**Гүлдана БАЛТАБАЙҚЫЗЫ**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ 2025 ЖЫЛ ҚЫЗМЕТ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

2025 жыл қорытындылары бойынша, департамент 93 аудиторлық іс-шара жүргізді. Соның нәтижесінде қаржылық есептілік аудитін және мемлекеттік сатып алуларды есепке ала отырып, жалпы сомасы 192 млрд 539 млн теңге болатын бұзушылықтар анықталды.

**Оның ішінде:**

- 3 млрд 309 млн теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар;
- 189 млрд 234 млн теңге сомасында рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу – 1 млрд 924 млн теңге.

Бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасынан жалпы сомасы 3 млрд 309 млн теңге қалпына келтіруге, есепке алуға және бюджетке өтеуге жатады. Оның ішінде 1 млрд 851 млн теңге немесе 55,9% сомасында бұзушылықтар жойылды.

Есептік кезеңдегі аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша тексерілетін субъектілерге бұзушылықтарды жою бойынша 83 нұсқау жолданды (бүгінде олардың 55-і орындалды).

Жол берілген бұзушылықтар үшін 73 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 605 хаттама жасалып, жалпы сомасы 54 млн теңге айыппұл салынып, толығымен бюджетке өтелді.

## ОБ ИТОГАХ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЕПАРТАМЕНТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ КВГА МФ РК ЗА 2025 ГОД

За 2025 год Департаментом проведено 93 аудиторских мероприятий, по результатам которых установлено нарушений с учетом аудита финансовой отчетности и государственных закупок на общую сумму 192 млрд 539 млн тенге.

**В том числе:**

- финансовых нарушений на сумму 3 млрд 309 млн тенге;
- нарушений процедурного характера на сумму 189 млрд 234 млн тенге;
- нарушений законодательства РК о государственных закупках на 1 млрд 924 млн тенге.

В соответствии с требованиями бюджетного законодательства из общей суммы установленных финансовых нарушений подлежит восстановлению, отражению по учету и возмещению в бюджет всего – 3 млрд 309 млн тенге, из которых устранено нарушений на сумму 1 млрд 851 млн тенге или 55,9%.

По результатам аудиторских мероприятий за отчетный период объектам аудита направлено 83 предписаний на устранение нарушений (к настоящему времени исполнено 55 из них).

К дисциплинарной ответственности за допущенные нарушения привлечены 73 должностных лица, составлено 605 протоколов об административных правонарушениях с общей суммой штрафа в размере 54

млн тенге, которые полностью возмещены в доход бюджета.

### Қойтас ауылдық округінің әкіміне үміткер Сәулебаев Мейрам Қаеркенұлының сайлауалды бағдарламасы



**Құрметті сайлаушылар!**

Мен, Сәулебаев Мейрам Қаеркенұлы, Ақмола облысы, Ерейментау ауданының тумасымын. Білімім жоғары, Көкшетау қаласының «Көкше» академиясын құқықтану мамандығы бойынша бітіргенмін. Еңбек өтілімнің көп бөлігін мемлекеттік қызметтегі жұмыс қамтиды. 2009 жылдан бастап жұмыс істеймін. Қазір Ерейментау қаласында тұрамын және Ерейментау ауданы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы бөлімінің басшысы лауазымын атқарамын.

Маған ауылдардың мәселелері өте жақын. Өйткені өзіме жүктелген функционалдық міндеттерді орындау кезінде ағымдағы лауазымда жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында аудан бойынша барлық ауылды аралаймын. Менің сайлауалды бағдарламам Қойтас ауылдық округін дамытуға, ауылдың әлеуметтік өмірін жақсартуға бағытталған.

Мен өзімнің сайлауалды бағдарламамның негізгі ережелерін жүзеге асыру үшін барлық күш-жігерімді, білімім мен тәжірибемді жұмсаймын.

**Атап айтқанда:**

- ауылдағы экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық;
- өрт сөндіру бекетін құру арқылы өрт қауіпсіздігін дамыту;
- бұқаралық спортты, жастардың мәдени бос уақытын дамытуға жәрдемдесу;
- көше жарығын дамытуға, жолдарды жөндеуге ықпал ету.

Осы бағдарламаны іске асыру бюджеттің нақты қаржылық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, жергілікті атқарушы билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін реттейтін қолданыстағы заңнама шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

### Предвыборная программа кандидата в акимы Койтасского сельского округа Саулебаева Мейрама Каеркеновича

**Уважаемые избиратели!**

Я, Саулебаев Мейрам Каеркенович, уроженец Акмолинской области, Ерейментауского района. Образование высшее, окончил академия «Кокше» г. Кокшетау по специальности юриспруденция. Большая часть трудового стажа составляет работа на государственной службе, работаю с 2009 года. В настоящее время проживаю в городе Ерейментау и занимаю должность руководителя отдела по мобилизационной подготовки аппарата акима Ерейментауского района.

Мне очень близки проблемы сел, так как при выполнении возложенных на меня функциональных обязанностей на текущей должности объезжаю все населленные пункты района для выполнения поставленных мне задач. Моя предвыборная программа направлена на развитие Койтасского сельского округа, улучшение социальной жизни.

Я буду прилагать все усилия, знания и опыт для претворения в жизнь основных положений моей предвыборной программы.

**А именно:**

- экономическая и социальная стабильность в селе;
- развитие пожарной безопасности путем создания пожарного поста;
- содействие в развитии массового спорта, культурного досуга молодежи;
- способствовать развитию уличного освещения и ремонту дорог.

Реализация данной программы будет осуществляться в рамках действующего законодательства, регулирующего деятельность органов местной исполнительской власти, органов местного самоуправления исходя из реальных финансовых возможностей бюджета.

# Конституциялық реформаның мәні

Ерейментау қаласындағы Агротехникалық колледждің базасында Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен конституциялық реформаны ілгерілетуге арналған дөңгелек үстел өтті.



Маңызды қоғамдық-саяси іс-шара «Қазақстанның саяси трансформациясы: конституциялық өзгерістер және ғылыми сараптама» тақырыбында ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстелге колледж студенттері, мемлекеттік қызмет өкілдері қатысты. Кездесудің басты мақсаты – елімізде жүзеге асырылып жатқан конституциялық реформалардың мазмұнын түсіндіру, саяси жаңғыру үдерістерін ғылыми тұрғыда талқылау және жастардың азаматтық-құқықтық сауатын арттыру.

Іс-шараның негізгі спикері – аудандық мәслихат төрағасы Медеу Әбжіков. Ол баяндамасында Қазақстандағы саяси трансформацияның негізгі бағыттарына тоқталып, Конституцияға енгізілген өзгерістердің мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудегі рөліне жан-жақты тоқталды. Сондай-ақ билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті нығайту, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге қатысу мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері сөз болды.

**Ерейментау ауданының**
**Жастар ресурстық орталығы**

**QR-код арқылы қараңыз**

# Ата заң конституционализм талаптарына сай

Жаңа Конституция жобасының әлеуметтік сипаты мемлекеттік саясаттағы гуманистік қағидаларды нығайтуға деген ұмтылысты аңғартады. Жаңартылған Негізгі заңның түпқазығында адам, оның құқығы мен ар-намысы ең жоғары құндылық ретінде белгіленеді. Бұл қазіргі конституционализм талаптарына толық сәйкес келеді.



Заң мен сот алдында баршаның теңдігі қағидатын бекіту – құқықтық мемлекеттің іргелі негіздерінің бірі. Аталған нормалардың Конституцияда кеңейтіліп, нақтылануы құқық қолдану тәжірибесіне және мемлекеттік органдардың қызметіне айқын бағыт-бағдар береді.

Жобадағы маңызды жаңалықтардың бірі – құқық пен бостандықты қорғау тетіктерін күшейту. Бұл жай ғана декларативті нормалармен шектелмей, нақты институционалдық кепілдіктерді көздейтін жүйелі тәсілге көшуді білдіреді.

Сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің еркін қызмет етуін конституциялық деңгейде бекіту ерекше мәнге ие. Бұл азаматтық қоғамның дамуына және қоғамдық қатысу деңгейінің артуына берік құқықтық негіз қалайды.

Жалпы, ұсынылып отырған өзгерістер қоғамның әділдік пен құқықтық анықтыққа деген сұранысын айқындайды. Осы тұрғыда жобаның әлеуметтік бағыты оның басты әрі маңызды құрамдас бөлігі ретінде көрініс табады.

**Зарина ХАБИБУЛЛИНА,**
**«Ерейментау еріктілері» еріктілер қозғалысының көшбасшысы**

# Әділет пен жауапкершілік айнасы

Сот – заң үстемдігін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган. Оның басты мақсаты – азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау, дауларды әділ шешу және заң бұзушылықтардың алдын алу. «Сот хабарлайды» айдары арқылы жарияланатын материалдар қоғамға ашықтық пен сенім қалыптастыруға бағытталған. Әрбір сот ісі – бір адамның ғана емес, тұтас қоғамның тағдырына әсер ететін маңызды оқиға.

Көп жағдайда адамдар сотты тек қылмыстық істермен байланыстырады. Алайда сотта азаматтық, әкімшілік, отбасылық, еңбек даулары да қаралады. Мысалы, алимент төлемеу, заңсыз жұмыстан шығару, алаяқтық, жол-көлік оқиғалары, сыбайлас жемқорлық істері – бәрі де сотта шешімін табады. «Сот хабарлайды» айдары осындай істердің нақты мысалдарын келтіре отырып, заңды білудің маңызын түсіндіреді.

Бұл айдардың тәрбиелік мәні де зор. Сот шешімдері арқылы қоғам мүшелері заң бұзушылықтың салдарын көреді. Бір сәттік қателік, жауапсыздық немесе заңды білмеу адамның өмірін түбегейлі өзгертуі мүмкін. Сондықтан сот жаңалықтары – ескерту мен сабақ. Ол «Заң – бәріне ортақ» деген қағиданы нақты дәлелдермен көрсетеді.

Сонымен қатар «Сот хабарлайды» азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға ықпал етеді. Қарапайым тілмен берілген ақпарат адамдарға өз құқығы мен міндетін түсінуге көмектеседі. Мысалы, сот үкімі қалай шығарылады, айыпталушының қандай құқығы бар, жәбірленуші қандай өтемақы талап ете алады – осының бәрі түсінікті түрде баяндалады. Бұл өз кезегінде заңға деген құрметті күшейтеді.

Қазір ақпараттың жылдам таралуы сот жүйесіне де жаңа талаптар қояды. Ашық сот отырыстары, онлайн трансляциялар, ресми хабарламалар әділдіктің жария түрде жүзеге асуын қамтамасыз етеді. «Сот хабарлайды» айдары да осы ашықтықтың бір бөлігі. Ол қоғам мен сот арасындағы байланысты нығайтады, жалған ақпарат пен қауесеттердің алдын алады.

Маңызды тағы бір жайт – сот хабарламаларының алдын алу функциясы. Адамдар нақты істерді оқи отырып, заңды бұзудың қандай салдарға әкелетінін түсінеді. Бұл әсіресе жастар үшін маңызды. Жасөспірімдер мен жас азаматтар өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауды үйренеді. Осылайша, сот туралы ақпарат қылмыстың алдын алуға ықпал етеді.

Әділ сот – демократиялық қоғамның негізі. Егер қоғам сот шешімдеріне сенсе, заңға да сенеді. «Сот хабарлайды» айдары осы сенімді қалыптастыруға қызмет етеді. Әрбір жарияланған шешім – әділеттің салтанат құрғанының немесе заң бұзушылықтың тиісті жазасын алғанының айғағы.

Сонымен, «Сот хабарлайды» – жай ғана жаңалықтар топтамасы емес, құқықтық мәдениетті қалыптастыратын, азаматтарды жауапкершілікке шақыратын және әділетті қоғам құруға үлес қосатын маңызды құрал. Заңды білу – әр азаматтың міндеті, ал сот хабарламалары сол білімге апаратын сенімді жолдардың бірі.

**Ғұмарбек СИСИНҒАЛИЕВ,**
**Ерейментау аудандық сотының төрағасы**

# АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

**Қасіретін көзбен көрген жалғанның,
Көкірегінде мәңгілікке қалған мұң.
Алдарыңда бас иеміз тағзым қып,
Соғысында қан кешкендер АУҒАННЫҢ.**



Малтабар ауылының Перуаш Кәрімұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 37 жыл толуына арналған «Ауғанның отты жалыны» атты ардагерлермен кездесу кеші өтті.

Мұндағы мақсат – Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу арқылы сол сұрапыл жөнінде мол мағлұмат алып, оқушылардың өрелік қабілетін кеңейту, оларға тарихи оқиға туралы мәлімет беру және жас ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Еске сала кетсек, Ауған соғысы – 1979 жылдың 27 желтоқсанында КСРО қарулы күштерінің Ауғанстанға басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған майдан. Соңы аяқталмас қантөгіске ұласқан бұл қасіреттің сырт мемлекеттердің қатысуымен ұзаққа созылғаны белгілі. Ал бұл соғыс туралы шындық талай жыл тұмшаланып келді. Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана шындықтың беті ашылды. Осындай өмір мен өлім шарпысқан қанды шайқасқа қатысып, батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлесіміз Мұрат Салықов кеш төріне жайғасты. Сонымен қатар аудандық білім бөлімінің әдіскері Тілек Қанатов, Ерейментау ауданы қорғаныс істері бөлімінің басшысы, подполковник Ернар Абдрахманов, Жастар ресурстық орталығының директоры Зарина Хабибулина, №1 жалпы орта білім беретін мектебінің алғашқы әскери дайындық жетекшісі Сарқыт Сетаев, Тайбай ауылдық округінің депутаты әрі кешіміздің демеушісі Азат Шпекбаев қатысты.



Алғашқы сөз кезегі мектеп директоры Нұргүл Қасеноваға берілді. Ал оқушылар кітаптан ғана оқыған соғысты өз көзімен көрген ардагер Мұрат Салықов бастан кешкен сұрапыл соғыс туралы баяндап, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Ауыр жорықта да, жауапты істе де, соғыстан кейінгі санаулы ғана бейбіт сәттерде де жауынгерлеріміздің көңіліне әсем әннің шипа болғаны рас. Кеште мектебіміздің музыка пәні мұғалімі ән шырқаса, оқушыларымыз жырдан шашу шашты.

Кеш соңы аудандық мектептер арасында өтетін әскери-спорттық сайысқа ұласты. Оған «Малтабар ауылының Перуаш Кәрімұлы атындағы ЖОББМ» КММ, «Өлеңті ауылының ЖОББМ» КММ, «Тайбай ауылының ЖОББМ» КММ оқушылары белсене атсалысты. Жарыста оқушылар автомат пен оқтарды бұзу және жинау, газтұмылдырықты дайындау және кию, пневматикалық мылтық ату, белтемірге тартылу, шалқадан жатып, денені көтеру және арқан тарудан өнер көрсетті.

Нәтижесінде I орын Малтабар, II орын Өлеңті, ал III орын Тайбай ауылының мектебіне бұйырды.

**Қызылгүл ЕРМҰҚАНОВА**

# ДУРИМХАН ДӘРІГЕР

Кеңес Одағы ыдырап, Қазақ елі Тәуелсіздік алған соң, еңбек шартымен шет елдегі ағайындар ата-жұртқа орала бастады. Моңғолия елінен келушілер де аз болмады. Бұлардың ішінде ұстаз, дәрігер, инженер және басқа саланың мамандары да бар еді. Адам жанының арашашысы – дәрігерлер көп келді. Солардың бірі – Дуримхан Авгавұлы.



Ол 1983 жылы Моңғолияның астанасы Ұланбатыр қаласынан Медициналық институтты терапевт мамандығы бойынша тәмамдап, еңбек жолын Баян-Өлгий аймағының батысындағы Цэнгэл сұмында 3 жыл, әрі қарай туған ауылы Делүн сұмында 7 жыл ауруханада меңгеруші, яғни басшылық қызмет атқарып, 1993 жылы еңбек шартымен атажұртқа оралған екен. Атажұртқа көшер алдындағы оқиғаға тоқталсақ, сұмын орталығындағы біріккен ауруханадан тысқары 9-бригадада (бөлімше) кіші дәрігер, медбикелер және даяшылары бар қауымды басқарыпты. Ол жерде оташы, ана мен балалардың және терапевт саласы бойынша аға дәрігерден 6-7 адам болған екен. Сонда бірге жұмыс істеген Төңкер Сартқожаұлы, Мизан Сахарияұлы, Тегісшіл, Жолбарыс қатарлы аға дәрігерлердің атажұртқа оралып, сол міндеттерін қазір де абыроймен атқарып жүргенін мәлімдеді.

Дуримхан Авгавұлы Солтүстік Қазақстан облысына орналасып, Киевка ауылында, Ленинград, Талшық ауданындағы ауруханада 30 жылдай қызмет атқарып, мол тәжірибе жинаған шағында Майлан ауылындағы ауруханаға аға дәрігер болып келді. Бұл – ауылымыз үшін үлкен қуанышты жағдай. Әртүрлі себеппен соңғы 6 жылда ауылымызға бас дәрігер тұрақтамаған еді. Көптеген мәселенің әлеуметтік жағдайға байланысты туындайтыны белгілі. Жаңадан келген дәрігерге барлық мүмкіндік жасалса, ол ауылда тұрақтап қалуына қолайлы болар.

Кейіпкеріміздің 11 медике және даяшылармен жұмыс істей бастағанына 3 айға жуықтады. Ауылда 1 700 тұрғын бар десек, оның 500-ге жуығы бақылауда. Дәрігерлер мүлде жатып қалған 5 науқасқа күн сайын хабарласып, жәрдем жасайды. «Ауылдағы дәрігерлік амбулатория қалалық шағын емханаға ұқсап, жақсы әсер қалдырды», – деп жергілікті тілші айтқандай, осының бәрі – ақ халатты абзал жандардың еңбегінің жемісі.

– Біз ауылда барлық медициналық қызметті көрсетеміз. Анализ алатын зерхана бар, диагнозды өзіміз қоямыз. Егер бізде емдеу мүмкін болмаса, науқастарды Ерейментау аудандық ауруханасына жібереміз, – дейді бас дәрігер.

«Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» дегендей, 40 жылдай еңбек етіп, мол тәжірибе жинаған Дуримхан Авгавұлының мәселені өзі шешпей, жанындағы ақ халаттыларға ақыл қосқаны «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» дегенді меңзейді. Өзімен бірге жұмыс істеп жүрген медбикелерді де «төселіп қалған жақсы мамандар екен» деп мақтап отыр.

Жалпы, Дуримхан 5 ағайынды екен. Өзінен басқасы туған елінде еңбек етіп жүр. Әке-шешесі мал шаруашылығында болыпты. Өзі балабақша тәрбиешісі Зибат Жұмаханқызымен шаңырақ көтерген. Қазір зайыбы зейнетте.

Дуримхан қолы босай қалса, тарихи роман, әңгімелер оқуға құштар. Бірақ оған көбіне уақыт аз болатын айтады. Кейде науқасты қарауға түн ортасында баратын кездер де болады. Осы орайда бас дәрігердің оқығаны, көргені көп екені сөз арасында байқалып отырды. Сондықтан өзінің бастан кешкен ерекше оқиғаларынан мысал айтуын өтіндім.

– Дәрігердің басты арманы науқасқа және оның туысына қуаныш сыйлау ғой. Мынадай екі оқиғаның куәсі болған едім. 1987 жылы Дэлүнде балалардың денсаулығына қоса жауапты болдым. Бізден 150 шақырым Бұлғын сұмынға барлық маман дәрігер тексеріс жасауға баратын болдық. Тексеріс жүріп жатқанда бір әже келді. Жанында келіні, оның қолында ауру баласы бар екен. Бала – біреудің жалғызы. Оның қайтыс болған әкесі де, сол әкесінің әкесі де жалғыз екен. Әже жылағанда, етегі жасқа толады. «Егер мына бала өлсе, бір әулеттің шаңырағы қаңырап қалайын деп тұр, көмектесіңіздер», – деді. Сол баланы емдеу жұмысын маған тапсырып, басқалары кетіп қалды. Бір жұма емдедім. Бала сауықты, мен жұмысыма кеттім. Бертінде дәрігер Абайдан сұрасам, ол бала әбден сауығып, азамат болып, атажұртқа оралған екен. Әженің сөзінде үлкен қауіп жатқаны байқалып тұр ғой. Осындай жағдайды көрдім.

Енді қуанышты бір жайды айтайын. 1983 жылы 1 800 шақырымдай жерден ағайынды екі азамат жүк жеткізді. Біреуінің екі өкпесіне суық тиген екен, керемет ауырып тұр. Ауруханаға жатқызып емдедім. Аз күннен соң әжептәуір сауықты. Жанындағы жолдасы біздің үйде жатты. Олар қайтатын болды. «Алаштың азаматы ғой» деп азықтай, ақшалай көмек жасадым. Арада бес жыл өтті. Ұланбатыр қаласына білім жетілдіру курсына барып, автобус күтіп тұр едім, жеңіл машина өте беріп, қайта оралды. Ана жылғы екі азамат екен. Мені танып қалыпты. Өздері айтқан соң есіме түсті, ұмытып кетіппін. Құшақтап амандасып, үйіне ертіп барып, екі күн күтіп, қонақ етті. Бұл да естен етпес оқиға болған, – дейді Дуримхан Авгавұлы.

Қазір ғылым мен техника өте жылдам дамып бара жатқан кез. Білімді үнемі жетілдіріп отырмаса, қоғамның даму үдерісінен қалып қоятыны аян. Бұл орайда Дуримхан Алматы, Петропавл, Павлодар және Қарағандыда маман жетілдіру курсына 7 рет қатысып, әр жолы бір-бір ай оқып, белгілі дәрежеде білімін шыңдап отырған. Бас ауырып, балтыр сыздаса, жүгіретіміз осы ақ халаттылар ғой. Кейде олардың осындай жанкешті еңбегінің көзге көрінбей қалып жататыны да рас. Сондықтан Дуримхан бастаған дәрігерлер тобына ел-жұртыңыз аман, ұйқылырыңыз тыныш болсын деймін.

**Әдебиет БАЙДОЛДАҰЛЫ,
Майлан ауылы**






**Ақын Қабдыжәлел ағамыздың 60 жасына арнау**

Түспеген тұлпар түгілі алдына жел,
Армысың, ақын аға Қабдыжәлел?
Мекендеп сол баяғы Ерейменде,
Жатсың ба аман-есен, кәрі Құлагер?

Тәнті етіп талай елді жүйрік тілмен,
Жасыңнан жігіт едің жүйрік мінген.
Тұлпардың біреуі едің тұрқы бөлек,
Қазақтың сахарасын дүрліктірген.

Елім деп еңіреген есіл ерім,
Ел бастап туған елден көшіп едің.
Кешегі арғы бет пен бергі бетте,
Айтыстың алғашқы алтын көпірі едің.

Жолында аламанның жолықпас кім?
Тай болып соңыңыздан еріп шаптым.
Арқырап шаба берші, бар тілегім,
Алпыстың асқарына келіп қапсың.

Алпыстан астым ғой деп жасыма көп,
Әлі де сен шығатын сахна көп.
Інілік тілегім сол сізге деген,
Жырлай бер, Жамбыл атаң жасына кеп!

Бөгеудің бұзып өтіп қаншасынан,
Тұлпар ең тер кеппеген арқасынан.
Құйғытып шаба берші Құлагерім,
Сақтасын Батыраштар балтасынан!

**Мұхаметқали ЗАРЫҚҰЛЫ**

# ОРТА ЖҮЗГЕ ҰРАН БОЛҒАН ОЛЖАБАЙ

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» есеңгіреген қазақтың есін жиып, Түркістанды азат ету жолындағы шайқаста Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек батырлар және Қазыбек би, Бұқар жыраулармен бірге ұрыс салған Олжабай батыр ерекше ерлік көрсетеді. Осы жеңістің құрметіне жасалған үлкен тойда Әбілхайыр, Сәмеке хан, Әбілмәмбет үшеуі батырды биікке көтеріп: «Он сан Орта жүзге ұран болған ер Олжабай» деген атақ береді. Бұл дерек «Қазақ халқының қаһармандары» жинағында келтіріледі. Ал Абылай хан батырға: «Олжабай аман болса, ел аман!» - деп сенім білдірген екен.



Жау қолына түскен Толыбай батырды құтқаруға барған әйелі Есенбике жүкті болыпты. Шайқаста үлкен қайрат көрсеткен әйел жорықтан оралысымен дүниеге ұл әкеледі. Әкесін тұтқыннан босатып, олжалы оралған жұрт нәрестеге Олжабай деп ат қояды. Жарық дүниеге келмей жатып, шайқас көрген батыр талай қырғында олжа салып, мәртебесі өсе түседі. Қаһарманның бұдан бөлек ерекше қасиетін бейнелейтін бірнеше есімі болған.

Жаяу Мұса жазбасында батырдың бала кездегі аты «Алажағы», ту ұстаушы батыр болғандықтан, жасақ арасында таралған лақап аты «Ала ту», жаудың атқан оғы тимейтіндігінен Абылай ханның берген есімі «Қу жарақ» екендігі кездеседі.

Олжабай Абылайдың ту ұстаушы батырларының бірі ретінде 1735 жылы Түркістан мен Ташкентті жоңғарлардан азат ету жорығына, 1736 жылы Баянауылда Қалдан-Серенмен болған шайқастарға, 1756 жылы қазақ жеріне басып кірген қытай әскерін талқандауға қатысқан.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазбаларында Олжабай батырдың үш үлкен шайқас – «Қалмаққырған», «Шүршітқырған», «Талқы» соғыстарында жеңімпаз атанғаны жазылады. Ал тарихшы Мұхамеджан Тынышпаев 1925 жылы басылған кітабындағы шежіре кестесінде қаһарманның 1750-1758 жылдары екі ірі шайқаста қалмақтарды қырғынға ұшыратқаны туралы мәлімет келтіреді.

Тарихи әңгімелерде Олжабай батырдың ерлігінің ерекше көрінетін жері – Баянауыл баурайындағы қалмақтармен болған шайқасы делінеді. Олжабай жиені Жасыбаймен бірге қалмақтардың жолын тосып жатады. Жасыбай жасағымен Шойындыкөлге өтетін, Олжабай Торайғыр көліне өтетін асудың аузында жатып, жау жолын күтеді. Бұлардың жол тосып жатқанын қалмақтар біліп қояды да қапылыста Жасыбайды өлтіреді. Болған жайдан хабар алған Олжабай көмекке ұмтылады. Жауды қоршап, таудың бір қуысына тығып қояды да қойдай қырады. Сонда Олжабайдың сұсын көрген жолдасы Төртұл Баймұрат батыр: «Енді сен демал, мұнда саған қарсы келер ешкім қалған жоқ. Қалған-құтқаны болса, маған сауғаға бермейсің бе?» - деп атының сулығынан ұстағанда, Олжабай: «Жасыбайдың бір бармағының да құны толған жоқ», - деген екен күрсініп.

Бүгінде Баянауыл өңірінде Олжабай батырдың ерлігі мен батырлығынан хабар беріп жатқан тарихи орындар бар. Өткен жылдары менің бастамаммен Олжабай батырдың тас қорғанының, қарауылтөбесінің, қару-жарақ сақтайтын қоймасының орынына белгітастар қойылды.

Біздің білуімізше, әкесі Толыбай 1723 жылы «Ақтабан шұбырындыда» оққа ұшып, қаза тапқаннан кейін 13-ке жаңа толған Олжабай нағашысы Қаратай батырдың қолында тәрбиеленеді. Жастайынан жаудың жауыздығын көріп өскен жас батырдың бұлай шүйлігуі кеудеде ұйыған шемен-шерінен болар?..

Мәшһүр Жүсіп Көпеев Олжабай батыр тарихына ерекше көңіл бөліп, қаһарман өміріне қатысты аңыз-әңгіме, жыр нұсқаларын қағазға түсіріп, жинастырып отырған.

2006 жылы «Сарыарқа самалы» газетінде ардагер-ұстаз Қайрат Әбен ғұлама жазбаларынан 8 аңыз-әңгімені жариялады. Әлкей Марғұланның жазбасында: «Сүйіндік Олжабай батыр» ертегісін Сақау ақынның айтуынан 1865 жылы жазып алған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы», - деген мәлімет кездеседі.

Мәшһүр Жүсіп жинастырған аңыз-әңгімеде Абылайдың Талқы ұрысында тау ішіндегі тас қамалға бекінген Қалдан-Серен әскеріне қолданған соғысу тәсілі, хан қосынындағы әскери құрамдардың қызметі, жас сарбаздарды батырлыққа баулу дәстүрі хақында мәлімет келтіріледі.

Аңызда Абылай хан әскерін үш топқа бөледі. Қалмақ қамалын барлауға шыққан «Көздеуші» топқа бекіністегі мергендер оқ атып, Малайсары батыр белінен жараланады. Ханның өзі ортаншы «Тосқауылшылар» тобымен де қорғанға кіре алмайды. Қатардағы «Салықшы» болып жүрген Олжабай «Олжабайлап» барып, қолының қосбасынан оқ тисе де ақ туын түсірместен қалайы, мыс, қорғасыннан құйып жасалған қорған қақпасын қылышымен турап тастаған деседі.

Бұл шайқастағы батыр ерлігін Сақау ақын «Олжабай батыр» дастанында:

«Олжабай Орта жүзде ту ұстаған,
Балапан тұйғын құстай қоныстаған.
Қолының қосбасынан оқ тисе де,
Ту ұстаған жерінен жылыспаған», - деп жырлайды.

Ал Бұқар жырау:

«Болат қару тарланым,
Арыстандай арланым,
Сен тіріде құламас,
Сары ала туы орданың», - деп Олжабайдың батырлығын ерекше бағалаған.

«Бұқар жырау мен Олжабай батыр өмірінен бірнеше этюдтер» атты көркем шығармасында қос ұлы тұлғаның арасындағы ұлы достықты тарихшы Жамбыл Артықбаев өте әсерлі жазыпты.

Батырдың жүректілігі жөнінде де әңгіме жетерлік. Жауға қарсы шешуші айқастың алдында болған кеңес кезінде кейбір би басшыларының тайсақтаған әрекеттеріне ыза болған батыр даладан жылан ұстап алып, жұрт алдында әлгі жыланның басын кірш еткізіп тістеп, түкіріп тастапты да езуіндегі қанын сүртпестен: «Егер біз бір адамдай тізе қосып, бірігер болсақ, ертең анау аждаһаның басын дәл осылай қыршып тастаймыз!» - депті. Тағы бір аңызда Олжабай батырдың пірі оқ жылан болғаны айтылады. Пірі «Олжабайлап» жауға шапқан батырдың алдында оқ бойы атылып тұрады екен.

1741 жылы Абылай мен Дулат Өтеген батыр аң аулап жүріп, қапыда жоңғарлардың қолына түседі. Қазақтың би, батырлары кеңесіп, ханды құтқаруға жіберген қолды басқарушылардың бірі Олжабай болған. Екі жақ бетпе-бет келген ұрыста ол жаудың атақты батыры Шырышты жекпе-жекте байлап алады. Талай шайқаста қанды қайнатқан сойқанды мерт етуге де қайраты жеткен. Бірақ олай жасаса, тұтқындағы Абылайдың өміріне қауіп төнуі ықтимал еді. Әскерінің айбыны болған Шырыштан айырылу Қалдан-Серенге оңай тимесе керек, Олжабайға қарсы өзі шықпақ болады. Олжабай жекпе-жекке оңтайланған Қалдан-Сереннің мылтығын атып түсіреді. Дәл осындай мергендік пен мәрттікке таңқалған әрі риза болған қоңтайшы райынан қайтады. Батырға алтын жабдығымен ат мінгізеді, Абылайды қайтарады. Олжабай Шырышты босатады. Дәл осы оқиғаны Жаяу Мұса «Олжабай батыр» дастанында әсерлі баяндайды.

Батырдың кескін-келбетін Орманшы Сақау ақын «Ер Олжабай» жырында:

«Қақпақтай жауырынды, орта бойлы,
Шүйделі, қайқы құлақ, қара қасы,
Сабырлы, кішіпейіл, жанға жайлы,
Қатардан асып тұрған мәртебесі,
Он төртке жасы келді сол уақытта...», - деп сипаттайды.

Тарихшы Н. Коншин: «Олжабайдың алыптығы сондай, ол ат үстіне мінгенде ең мықты деген аттардың өзі теңселіп кетеді екен және ат үстінен еңкейгенде қолдары жерге жеткен», - деп жазады. Бірінші мысалда ақын батырдың нақты жасын көрсетіп отыр. Бір мүшелден енді асқан шағында жауының құтын қашырған жас батырдың, екінші мысалдағы жігіттік шағындағы бейнесі сұсты, бірақ нанымды.

Жазушы Алдан Смайыл: «Олжекең қанша ұрысқа қатысып, жан алып, жан беріскен қырғын шайқастардың бел ортасында жүрсе де мойнына кісі қанын жүктемеген. Жекпе-жекте және көзсіз қырғындарда қарсы келгенді найзасының қайырмасымен іліп түсіре берген. «Кісі өлтірген кісі қолынан өледі. Біреуді өлімге қисам, мен де соның кебін киер едім. Ұрпағымның өсіп-өніп, көгеруі сол тазалығымнан шығар», - деп отырады екен батыр қартайған шағында», - деп жазды.

Сонымен бірге, төсек тартып жатқан шағында: «Шайқаста өлмей, жамандарша үйде өлгенім – кезінде жауды өлтірмей, жараламай, атынан аударып түсіре бергенімнен-ау», - деп майдан даласында өлмегеніне өкінген екен деген де әңгіме айтылады.

Батырдың бақұлдасуы жөнінде тарихшы Мақсат Алпысбес: «Абылай өлген соң Олжабай батыр Сарыарқаны қалдырып, өзінің туған жері Түркістан қаласына барып тұрмақшы болады. Өзіне ерген көп елді жинап, жылқыдан айғыр, сиырдан бұқа, қойдан қошқар қойғызбай, малды қысыр қалдырып, Бетпақдала шөлінен өткізбек болады. Сол 1783 жылы көшіп бара жатып Ерейме тауының сыртында күзде өкпесіне суық тиіп, аурудан қайтыс болады. Қоштаса келген Арғын-Сүйіндік балаларына:

«Олжабай деп атайды қайран елім,
Еріп кетсе, сынады-ау сенің белің.
Аттың жалы, түйенің қомында ғой,
Сарыарқа – сансыз жатқан асқар белің», - деп өсиет айтады. Бұл – туған елін, халқын жан-тәнімен сүйген, өмірін оның бостандығы мен бақытына арнаған ердің соңғы сөзі», - деп жазды «Олжабай батыр қорымы – қазақ елінің мемлекеттік тарихының ескерткіші» мақаласында.

1907 жылы Қазан қаласында басылып шыққан «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабында Мәшһүр Жүсіп Олжабай батырдың мәңгілік жай тапқан жерін: «Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, жан кешіп, кеше Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында қалмақпен жаулай алысып, жатпай салысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздары жау жолында оққа ұшып, өлгені өліп, қалғаны қалып, сөйтіп алған жері еді... Ерейме тауындағы Олжабай қаласы атанған қала – сол Олжабайдың өлген жері», - деп жазды.

Академик Әлкей Марғұлан 1981 жылдың 21 мамырында сол кездегі Целиноград облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н. Морозовқа жазған өтініш хатында: «XVIII ғасырда өмір сүрген жыр дүлділі Сақау ақынның «Ер Олжабай» поэмасында батырдың қытай мен жоңғар әскеріне қалай тойтарыс бергені әсерлі суреттеледі... Батырдың Қытай қолымен шайқасқаны туралы жазылған тағы бір поэманың авторы – ақын, композитор Жаяу Мұса... Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қаламынан шыққан «Олжабай – халық қорғаны» баяны да тарихи құнды мұра... Шаймерден Торайғыровтың поэмасы арқылы батырдың шекарадан өткен Қытай әскеріне салған ойраны туралы көптеген мәліметке қанықпыз. Қаһарман туралы деректер орыс әдебиетінде де аз емес. Ол II Екатеринаға хат жазып, жауап алып отырған. Патшайым батырдың 1735 жылы Түркістан мен Ташкенттен жоңғарларды қуып шыққан жорықтағы, 1736 жылы Баянауылды Қалдан-Сереннен босатқан шайқастағы ерлігіне қанық болған. Олжабайдың қисапсыз ерлігі туралы орыс ғалымдары Ф. Щербинин, Н. Коншин мен Н. Смирнованың, Д. Приймактың еңбектерінде баяндалған», - деп жазады. Хатта академик ердің сүйегі Целиноград облысы Ерейментау ауданындағы «Қазақстанның 40 жылдығы» кеңшарында жатқанын айта келіп, батырдың басына ескерткіш орнатуды халық атынан сұрайды. Осы хат негізінде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған жазушы Алдан Смайылдың «Олжабай батыр ұрпағының қамқорлығына зәру» мақаласында да аталмыш мәселе көтеріледі.

Олжабай батырдың ұрпақтары Ақмола облысының Ерейментау ауданына қарасты Олжабай батыр ауылында қойшылық қорымның ішінде орналасқан баба бейітіне ескерткіш тас орнатты.

Батыр бабамыздың есімі – ұрпағының жадында. Ол әлі күнге дейін күштіге қуат, тілдіге шабыт беріп келеді. Менің Аспанбек Шұғатай бауырым Олжабай батыр Толыбайұлына арнаған жырында былай деп сілтейді:

«Бұл өмір – құлыбы жоқ түрмеге тең,
Жазасын өтеп шыққан кімдер екен?
Жасыбайдың жағасын жайнамаз ғып,
Ақбеттің ақ жалдарын мінбер етем.
Қара жерді илеген табаққа сап,
Түбіміз Күлтегіндей дүрлер екен.
Олжабай Орта жүзге ұран болған,
Ақ найзаңа байланып тұр берекем.
Темірқазық жастанған қайран ерлер,
Ғұмырын ат үстінде сүрген екен.
Атақты Әмір Темір көрегеннің,
«Бүкір қылышын» беліне ілген екен.
«Олжекең аман болса, ел аман» деп,
Қадірін Абылай да білген екен.
Арнайы «Қу жарғақ» деп есім беріп,
«Өзіңменен - депті ғой – ірге бекем».
Баянтауды босатып қалмақтардан,
Баянды айналыпты гүлге мекен.
Атамыз айтқан екен: «Бір жау кірсе,
Қорамсақта болар деп бір жебе кем».
Сары ала тумен бірге Ер Олжабай,
Сарыарқамды көтеріп жүрген екен».

Батыр бабамыздың ерлігі мен есімін асқақтатқан осы тамаша жыр әр қазаққа рух сыйламай ма?!

**Алтынбек ҚҰРМАНОВ, өлкетанушы, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы**

# Шоң бидің орнын басты бала Шорман

**Қара қылды қақ жарған Шорманның есімі үш жүзге мәшһүр еді. Оның бойынан би-сұлтанға лайықты мінез табылып-ақ тұрды. 1799 жылы Баянауыл өңірінде дүниеге келген төбе би, аға сұлтан Шорман Күшікұлы (шын есімі – Жұмабай) 13 жасында дауды шешіп, «Бала би» атанып кеткен. Уақыт өте келе оның тапқыр, ақылды, тұщымды ойлай білетінін байқаған Шоң би Жұмабайға «Шорман» атағын беріп, Қаржас руының төбе биі етіп тағайындаған. Шоң би «Мен Шоң болсам, сен қайыңның шорындай берік бол» деген екен.**

Шорманның жасы он үшке толған жылы Баянауыл округінің биі Едігеұлы Шоң би қартайып, орнына кімді билікке ұсыну керек деген сөз көтеріледі. Әр ауыл өз кісілерін ұсынады. Сонда Шоң би: «Менің орныма би болуға Шорман лайықты. Ол бала болса да дана, ақылды. Ел жағдайын жетік біледі. Ешкімге бұра тартпайды, әділ сөйлейді. Адамгершілігі, халыққа деген қамқорлығы мол», - дейді. Бүкіл округ Шоң бибің ұсынысын мақұл көріп, он үш жастағы Шорман би болып сайланады.

Бала би туралы тағы бір аңыз былай дейді: Ол әкесінен төрт жасында жетім қалады. Бір күні Күшіктің үйіне сол өңірге танымал би келеді. Жұмабайдың әжесі мен шешесі қонаққа не берерін білмей, сасып қалады. Сонда төрт жасар Жұмабай үйдің еркегіне ұқсап бидің алдына дастарқан жайып, бір табақ ыстық сүтті қояды да:

«Қаптың түбі қағылды,
Бетке күйе жағылды.
Алдыңызда ыстық сүт,
Асықпай отырып жұт», - деп аға бидің бетіне қарайды.

Би жас баланың тақпақтай айтқан тапқыр сөзіне қайран қалады. Бала тағы да: «Би ата, биыл қыс қатты болып, мал жұтап жатыр. Ауылдың да сәні кетті, астық таусылды. Елдің жағдайы қиындап барады», - деп өз үйінің ғана емес, бүкіл ауыл мен ел тағдырына қамқор бола сөз қозғайды. Талайды көрген би баланың бұл сөзіне тәнті болып, әжесіне: «Немереңіз болайын деп тұр екен. «Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады» дегендей, маған беріңіз. Мен ертіп жүріп ел аралатайын, тәрбиелеп көрейін. Түбі осы балаңыздан бірдеңе шығар», - деп қолқа салады. Баланың шешесі: «Жұмабай әлі жас қой, бұғанасы қатсын», - десе, әжесі: «Мақұл ғой, Би-еке, жасы жетіге толғанда сізді өзім іздеп тауып аламын», - деп уәде береді. Осы келісім бойынша Жұмабай жеті жасқа келгенде әлгі би атасына шәкірт болып, соңына ереді. Ел аралап, жұрт таниды, талай игі жақсылардың сөзін тыңдайды.

Шорман би әрқашан «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп отырады екен. Еліне шын жаны ашитын би надандықты, жалқаулықты, ел ішін індеттей жайлаған жаман әдеттерді жоюға күш салады. Әр ауылда және Баянауылдың өзінде мектептер салғызып, мұғалімдікке сауатты адамдарды іздестірді. Түркі тілдерімен қатар, орыс, араб, парсы тілдерін оқытатын адамдарды да осы іске тартқан.

Күшік шешеннің ұлы Шорманның төрелігіне тек Баянауылдан ғана емес, бүкіл Кереку өңірінен адамдар келетін болған. Оның абырой-атағын көре алмайтын іштарлар да аз болмаған. Қызғаныштан іші өртенгендер Шорманның атына кір келтіру үшін өтірік-өсек таратып, жала жапты. Тіпті, оны өлтіруді мақсат етіп, бірнеше рет қастандық ұйымдастырды. Бірде диуанаға ақша беріп, Шорманды өлтіртпек болады. Бірақ диуана үй ішінде отырған Шорманды көргенде селк етіп: «Оның екі иығында екі періште отыр, бас жағында бір сәуле жарық шашып тұр. Басымнан төмен қарай алтын құйсандар да оған қиянат жасай алмаймын», - деп ат-тонын ала қашыпты.

Шорман бидің саяси қайраткерлік қызметі де ерекше болған. Ол жер дауын шешу және қазақтарды жерге орналастыру мәселелері бойынша 1822 жылдан бастап Шоң бимен бірге Батыс Сібірдегі орталық әкімшілікке бірнеше рет хат жолдайды. Тобыл, Омбы, Кереку, Қызылжар қалалары мен Ірбіт, Үркіт (Иркутск) жәрмеңкелеріне барады. Мұрағатта Шорманның 1830 жылы Омбыға, 1832 жылы Тобылға барып, губернаторға жолыққаны жөнінде деректер сақталған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазуы бойынша, Шорман би Ақмырза өзенінің Сілетіге құяр тұсына жерленген.

ЕР ЖІГІТ ЕЛ ҮШІН ТУАДЫ, ЕЛ ҮШІН ӨЛЕДІ

# ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

## (ОЛЖАБАЙ НҰРАЛЫҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 145 ЖЫЛ)

Тарих – ұлттың жады, ал сол тарихты тұлғалар жасайды. Ерейментау өңірінің шежіресінде өзіндік өшпес ізі бар тұлғалардың бірі – Олжабай Нұралыұлы. Биыл арқалы ақынның туғанына 145 жыл толып отыр. Осы айтулы датаға орай музей қызметкерлерінің «Ерейментау: Өңір тарихындағы тұлғалар мен оқиғалар» жобасы аясында ұйымдастырылған «Жыр мен күрес жолындағы ғұмыр» атты әдеби кеш баба рухына тағзым етудің айқын көрінісі болды.




Кеште мектеп оқушылары ақынның «Анама», «Сарыарқа», «Елге сәлем» сынды отты жырларын нақышына келтіре оқып, Олжабай мұрасының жас ұрпақ санасында жаңғырып жатқанын көрсетті. Ел ақсақалдары өз кезегінде бабаларынан естіген, халық жадында сақталған құнды естеліктермен бөлісті. Әсіресе, ақынның 1991 жылы Қызылжардан Ерейментау топырағына қайта жерленуі туралы оқиға жиналған қауымды тебірентпей қоймады.

Мақала мен кештің мазмұндық желісіне ақынның ұлдары Шайсұлтан мен Қазыбек Нұралиндер жинақтаған қолжазбалар мен естеліктер негізінде жазылып, Әлихан Барлыбаев құрастырған «Олжабай Нұралыұы шығармалары», белгілі журналист Ілияс Қарағозиннің «Есімі Арқаға әйгілі Олжабай еді» мақаласы мен Қайырбек Кемеңгердің «Олжабай Нұралыұлы» атты зерттеу кітабындағы нақты деректер арқау болып, ақын бейнесін жаңа қырынан тануға мүмкіндік берді. Бұл еңбектер – тек олжабайтанудың ғана емес, тұтас өңір тарихының баға жетпес қазынасы.

Олжабай Нұралыұлы 1881 жылы Қоржынкөл жағасында, қазақтың қайсар рухты батырлары мен ділмар билері шыққан қасиетті топырақта дүниеге келді. Оның тегі – нағыз асылдың сынығы. Арғы бабалары – Бөгенбай, Ақша, Әлдеуін ел қорғаған айбынды қолбасшылар десек, аталары Тұраналы, Бапан, Саққұлақ билер сөз өнерінің хас шебері, дала демократиясының жарқын өкілі болды. Осындай текті ортадан нәр алған Олжабай жастайынан елдік мүддені ту етіп, халықтың рухын жырлауды өзіне мұрат тұтты. Оның бұл мақсаты шоқтығы биік «Сабалақ» поэмасында, туған жердің қадір-қасиетін толғайтын өлеңдері мен замандастарына арналған парасатты арнауларында айқын көрініс тапты.

Ақынның әкесі Нұралы болыс небәрі 25 жасында ел тізгінін ұстап, әділдігімен аты шыққан азамат еді. Оның өміріндегі ең ауыр да маңызды кезең Ақан серінің тұлпары Құлагердің өлімімен тікелей байланысты. Досы Ақанның қасіретіне ортақтасып, Құлагердің құнын даулаған Нұралы сол кездегі озбырлық пен зұлымдыққа ашық қарсы шықты. Өкінішке қарай, осы турашылдығы мен әділдігі үшін ол қаскөйлердің құрбаны болды. 1882 жылы жаулары тарапынан жасалған аярлық әрекет Нұралының өмірін тым ерте үзіп жіберді. Бұл оқиға жас Олжабайдың дүниетанымына, оның күрескерлік рухының қалыптасуына үлкен әсер етті.

Олжабай Нұралыұлы небәрі 8 айлығында әкесінен айырылып, анасы Кәмиланың аялы алақанында өскен сәбиді атасы Саққұлақ би өз бауырына басқан. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, Саққұлақ бидің ақыл-парасаты мен шешендік мектебі Олжабай үшін нағыз өмірлік академияға айналды. Баба толғаулары мен нақылдарын санасына сіңіріп өскен жас өрен ерте есейіп, сөзге шешен, ойға жүйрік болып жетілді. Ол ауылдағы молдадан ескіше хат танып қана қоймай, тілмаштардан орыс тілін үйреніп, өз заманының сауатты азаматына айналды. Он алты жасында поэзия әлеміне аяқ басқан Олжабайдың табиғи дарыны ерекше еді. Арнайы жоғары білімі болмаса да, ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, екі тілдің де нәрін бойына сіңіре білді.



Ақын Олжабай Нұралыұлының 145 жылдығына арналған іс-шара

1906 жылы, небәрі 25 жасқа толған шағында Олжабай Нұралыұлы әкесінің ізін басып, Қоржынкөл болысының старшины болып сайланды. Он жыл бойы бұл лауазымды абыроймен атқаруы – оның халық алдындағы зор беделінің айғағы. Патша үкіметі тұсындағы шенеуніктерге тән теріс сипаттардан ада болған Олжабай, керісінше, ел мүддесін бәрінен биік қойды.

Зерттеуші З. Махметұлы мен ақынның ұрпақтары жазып қалдырғандай, Олжабайдың басты ұстанымы – турашылдық пен әділеттілік болды. Ол билік тізгінін ұстағанда да, қолына қалам алғанда да адамдық ары мен елдің намысын алдыңғы орынға қойды.

1916 жылғы патша жарлығы қазақ даласын дүр сілкіндіргенде, Олжабай Нұралыұлы халықтың қамын өз мансабынан биік қойды. Он жыл бойы атқарған болыстық қызметінен өз еркімен бас тартуы – оның патша өкіметінің озбыр саясатына білдірген ашық наразылығы еді. Бұл қадам оның тек шенеунік емес, алдымен ұлтын сүйген зиялы екенін дәлелдеді. Ол Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш арыстарының саяси бағытын қолдап, 1916-1918 жылдардағы Ақмола мен Семейдегі тарихи жиындарға қатысты. Бұл – Олжабайдың ұлттық мемлекеттілік идеясына қосқан үлесі. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Олжабайдың «бұрынғы болыс» ретіндегі өткені оған саяси соққы болып тиді. 1926 жылы ауыл белсенділерінің жаласымен Ақмола абақтысына қамалуы – сол заманның қатал шындығы. Ақынның ұлы Қазыбектің деректеріне сүйенсек, Олжабай «1916 жыл» және «Дәмелі» атты көлемді шығармаларын жарияламақ болып Ақмолаға келгенде ұсталған. Өкінішке қарай, халықтың мұң-зарын арқалаған сол құнды жазбалар тәркіленіп, бүгінгі күнге жетпей, тарихтың белгісіз парақтарында қалды. Бұл – қазақ әдебиеті үшін орны толмас қасірет.

Сәкен Сейфуллиннің әйгілі «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романында Олжабай есімінің аталуы – олжабайтану ғылымының бастауы іспетті. Сол кезеңнің саяси идеологиясына сәйкес, Сәкен Олжабайды «елге тізесін батырған болыс» ретінде суреттеуге мәжбүр болды. Алайда бүгінгі 2026 жылғы тарихи көзқарас тұрғысынан қарасақ, бұл – таптық күрес заманының талабы тудырған бейне. Шын мәнінде Сәкеннің Олжабайды өз шығармасына арқау етуінің өзі – ақынның сол тұстағы ықпалды тұлға болғанын айқындайды. Зерттеуші З. Махметұлы атап өткендей, Олжабайдың бойындағы турашылдық пен әділеттілік оны кез келген саяси бояудан жоғары қояды.

1928 жыл Олжабай, Барлыбай Нұралыұлдары үшін үлкен қасіреттің басы болды. Кеңес өкіметінің солақай саясатымен олардың дүние-мүлкі тәркіленіп (бұл дерек Қ. Кемеңгердің еңбектерінде расталған), өздері соттың үкімінсіз 3 жылға азаматтық құқығынан айырылды. Қарашаның қаһарлы суығында отбасыларымен бірге Атырау өңіріне (Үйшікке) жер аударылған ақын әулеті Қызылжар арқылы Ақтөбеге жетеді. Қыс ортасында алыс жолға шығудың қауіптілігін сезген Олжабай КазЦИК төрағасы Елтай Ерназаровқа жеделхат жолдап, көктемге дейін аялдауға рұқсат алады. Бұл – оның қиын сәтте де қаймықпай, отбасының амандығы үшін күресе білгендігінің көрінісі. 1929 жылдың көктемінде Ерейментаудан жеткен туыстарының көмегімен Олжабай көш түзеп, Маңғыстау бағытына бет алды. Жол бойында Кіші жүздің Табын руынан тараған Бөкенбай батырдың ұрпақтары Олжабайды Орта жүздің қаһарманы Қанжығалы Бөгенбайдың жұрағаты ретінде ерекше құрметпен қарсы алды. «Ата жолы – ағайын бірлігі» дегендей, батырлар ұрпағының арасындағы бұл сыйластық – қазақ рухының бөлінбестігін айқындайтын тарихи сәт.

Олжабай Нұралыұлының тағдыры Алаш арыстарымен тығыз байланысты болды. Ол 1929 жылдың қысын Батыс Алашорданың көрнекті қайраткері Халел Досмұхамбетұлының қыстауында өткізеді. Бұл – кездейсоқтық емес, идеялас тұлғалардың рухани бірлігі. Олжабай – тек Алаш идеясын қолдап қана қоймай, Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арнап өлең шығарған, Мыржақып Дулатұлына хат-өлең жолдаған, Мағжан Жұмабаев пен Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына тәнті болған ақын.

Жер аударылған ақын әулеті үшін Үйшікке (Атырау) барар жол нағыз «азап сапарына» айналды. Екі жылға созылған ұзақ жолда ақынның 85 жастағы анасы Кәмила дүниеден озса, оған дейін 5 жасар ұлы Тұрлыбегі мен 3 жасар қызы Гүлсімінен айырылуы Олжабайдың қабырғасын қайыстырған ауыр соққы болды. 1930 жылдың күзінде Үйшікке жеткен ақын отбасын асырау үшін балықшылық кәсібін меңгереді. Алайда Каспий жағалауының ылғалды ауа райы Сарыарқаның құрғақ табиғатына үйренген әулетке ауыр тиді. Ағайынды Олжабай мен Барлыбайдың отбасынан 10 бірдей бала шетінеп кеткенде, ақын үрім-бұтағын сақтап қалу үшін батыл қадамға барды. Ол белгілі мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов арқылы Бүкілресейлік орталық атқару комитетіне хат жазып, жағдайын баяндайды. Т. Рысқұловтың араласуымен ақынның ісі қайта қаралып, оған туған жерінің табиғатына ұқсас Омбы өңіріне көшуге ресми рұқсат беріледі. Бұл Олжабайдың тек ақын ғана емес, өз әулетінің тірегі, қайсар рухты басшысы болғанын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Омбы жеріне жеткенде Мырзаболат, Шоқпыт ауылдарының тұрғындары ақынды үлкен құрметпен қарсы алды. «Ел болсаң, еріңді таны» дегендей, жергілікті халық ақынның үйін астыққа толтырып, алдына мал салып, аштық пен қуғыннан қажыған әулетке қолдау көрсетті. Осы жерде ақынның жағдайы түзеліп, еңсесін тіктей бастайды. 1932 жылдың жазында Олжабайды Шарбаққөл ауданындағы Томар ауылының үлкендері қонаққа шақырады. Осы жиынға Қызылжарға демалысқа келген, сол тұста НКВД басқармасының бастығы болған (кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған) Жұмабай Шаяхметов те қатысады. Жұмабай Шаяхметов Олжабайды көріп: «Мына кісі кім болады?» – деп сұрағанда, ақын өзінің тегін таныстырып:

«Ағаштың түбі бір де бұтақ – басқа,
Ұқсайды адам-ата сол ағашқа.
Қанжығалы Ішпектен Есен туып,
Жапардан бөлінеміз төрт арысқа.
Жиестен тарайды екен менің атам,
Әлдеуін баласы екен одан туған.
Баласы Әлдеуіннің Ақша батыр,
Ол дағы ата-баба жолын қуған.
Ақшадан асып туған ер Бөгенбай,
Едігедей ер қамын жер Бөгенбай...» - деп «Танысу» өлеңін толғайды.

Ақынның тектілігі мен сөз саптасына риза болған Жұмабай Шаяхметов: «Аға, асылдың тұяғы екенсіз ғой», – деп таңданысын білдірген екен.

1935 жылдың сәуір айы Олжабай Нұралыұлының өміріндегі соңғы белес болды. Орынборда оқитын ұлы Қазыбекті алып қайтуға шыққан ақынның Қызылжарға жете бергенде жүрегі сыр береді. Бөтен облыстың адамы болғандықтан емханаға қабылданбаған ауыр халдегі ақынға сол тұста Қызылжар педучилищесінде сабақ беретін жерлесі, әдебиетші Шайхы Кәрібаев араша түседі. Алайда ажал айтқызып келмейді, 1935 жылдың 25 сәуірінде қазақтың біртуар ақыны жат жерде дүниеден озды. Оның денесі Қызылжардағы қазақ зиратына жерленіп, басына қырқына барған ағасы Барлыбай мен досы әрі күйеу баласы Сәкен Халпе тас орнатты.

Тарихтың тауқыметі ақын қайтыс болғаннан кейін де толастамады. 1948 жылы Қызылжардағы ежелгі қорым бұзылып, зират орны балалар паркіне айналды. Қабір басындағы құлпытастардың құрылыс материалдары ретінде пайдаланылуы сол тұстағы рухани құндылықтардың аяққа тапталғанының көрінісі еді. Бірақ халықтың ішіндегі асыл ерлер баба аманатына адалдық танытты. Ақынның туысы Төлебайдың ат айдаушысы болған Камали есімді азамат Олжабайдың қабірі жоғалып кетпеуі үшін оның басына шананың қалың шентемірін терең қағып кетеді. Кейін бұл белгі туралы деректі Семейдегі ғалым, Олжабайдың ағайындас інісі Тұрсынбай Ералинге аманаттайды. Дәл осы темір белгі араға жарты ғасыр салып, ақынның жатқан жерін анықтауға мүмкіндік береді.

1991 жылы, Қазақстан өз Тәуелсіздігін алар тұста, ақынның ұлы Қазыбек бастаған ерейментаулық топ Қызылжарға барып, Камали қалдырған белгі арқылы Олжабайдың сүйегін табады. Ақынның рухы араға 56 жыл салып, туған жері – Ерейментаудың Малтабар зиратына қайта жерленді. Бұл тек бір тұлғаның ғана емес, тұтас бір дәуірдің ақталған ары мен қайта жаңғырған рухының жеңісі еді.

Тағы бір айта кететін маңызды дерек, ақынның тірі кезіндегі парасаттылығы мен ұрпаққа қалдырған аманатына қатысты. Олжабай Нұралыұлы жер аударылмас бұрын өзінің және ағасы Барлыбайдың тағдырының бұлыңғыр екенін сезеді. Сол сәтте ол ата-бабасынан қалған құнды жәдігерлерді сақтап қалудың амалын іздейді. Бұл бұйымдардың қарапайым емес, тарихи құндылығы зор екенін түсінген ақын, оларды орташа тұратын ағайындарының қорасының ішіне жер қазып көміп кетеді. Осы құпия әрекетке сол кезде 8-9 жастағы ағайындас қарындасы Нұрғайша куә болады. Көп жылдар өткен соң, Әлихан Барлыбаев Бөгенбай батырдың басқа да ұрпақтарымен танысу үшін Ерейментауға келеді. Сол сапарында ол жасы 70-тен асқан Нұрғайша әжемен кездеседі. Нұрғайша әже бала кезде куә болған осы оқиғаны Әлиханға баяндайды. Осыдан кейін, 1982 жылдың күзінде Әлихан бастаған топ Зең бұлағының жанындағы бұрынғы қораның орнын арнайы техника жалдап қазып, Олжабай тыққан көмбені тауып алады. Бұл оқиғаның маңыздылығы сондай, сол кездегі Ақмола телеарнасынан бұл сәтті тарихқа таңбалау үшін арнайы түсіру тобы да келеді. Табылған заттардың ішінде батырдың сауыты уақыт өте келе әбден шіріп, сақтауға келмейтін халге жеткен еді. Алайда ұстаның құралдары – тес, төс, үңгуір – тас-түйін күйінде сақталып қалған. Бұл құралдар қазір музейде сақтаулы тұр.

Бұл табылған жәдігерлердің кімге тиесілі екендігі туралы нақты дерек болмаса да жорамалдар бар. Ұста құралдары Ақша батыр немесе Саққұлақ биден қалған дүние болуы мүмкін. Ал сол жерден табылған үзеңгі Бөгенбай батырдың өзіне тиесілі болуы ықтимал деген болжам бар. Себебі Олжабай Нұралыұлы бұл заттардың құндылығы мен киесін білмесе, оларды мұншалықты мұқият тығып, сақтамас еді. Бұл оқиға Олжабайдың батыр бабаларының аманатына қаншалықты жанашыр болғанын көрсетеді.

Бүгінде ақынның рухы туған жерімен қайта қауышып, ол сақтаған жәдігерлер музей төрінен орын алса, оның өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулер Олжабайтану саласының ғана емес, жалпы Арқа өңірі тарихының алтын діңгегіне айналды. Бабалар рухын ардақтап, өткенін түгендеген елдің болашағы баянды. Олжабай ақынның есімі мен өнегелі ғұмыры – ел есінде мәңгі сақталатын, жас ұрпаққа үлгі боларлық ғибратты мектеп.

**Ләззат ТҮГЕЛБАЕВА,**
**Бөгенбай батыр атындағы**
**Ерейментау тарихи-өлкетану**
**музейінің меңгерушісі**

АҚЫН – ЕЛДІҢ ЕРКЕСІ, СӨЗДІҢ СЕРКЕСІ

# КАК ВАШИ ИДЕИ МЕНЯЮТ ГОРОД

Акимат города Ерейментау открыл приём проектных предложений в рамках Бюджета народного участия на 2026 год. Каждый житель города получил уникальную возможность повлиять на будущее своей родной территории. Какие изменения вы хотите увидеть в Ерейментау? Ваши идеи могут стать основой для создания ещё более удобного, красивого и современного города, который будет отвечать потребностям всех его жителей. Ваше мнение важно, и оно имеет реальный шанс на воплощение в жизнь!




С 20 января по 1 марта текущего года каждый желающий может предложить свою идею. Чтобы подать проект, достаточно зайти на официальный сайт акимата города Ерейментау и использовать электронную цифровую подпись (ЭЦП). Это гарантирует безопасность и официальность подачи предложения. Всё просто и удобно, и каждый может стать частью изменений в своём городе. Не упустите шанс предложить то, что, по вашему мнению, действительно важно для города и его жителей!

Проектные предложения могут касаться самых разных аспектов жизни города. Например, если вам хочется видеть в Ерейментау больше зелени и ухоженных парков, вы можете предложить проект по озеленению городской территории. Создание новых зелёных зон, парков и скверов, а также расширение цветников сделает наш город ещё более привлекательным и уютным. Приятные для глаз ландшафты создают не только эстетическое удовольствие, но и способствуют улучшению экологии, а значит, благоприятно влияют на здоровье горожан.


Фото из открытых источников

Если вы заметили, что в городе недостаточно удобных тротуаров, можно предложить проект по их обустройству. С каждым годом количество пешеходных маршрутов увеличивается, и важно, чтобы эти пути были не только красивыми, но и безопасными. Качество тротуаров имеет прямое отношение к комфорту жителей, а также к доступности города для людей с ограниченными возможностями. Проекты, связанные с улучшением качества тротуаров и созданием пандусов, помогут создать более инклюзивную городскую среду.

Кроме того, старые и разрушенные участки дорог также требуют внимания. Если вас беспокоят такие проблемы, предложите проект по строительству и ремонту тротуаров, пандусов и арыков. Улучшение дорожной инфраструктуры повлияет на безопасность и удобство передвижения всех горожан, сделает улицы более комфортными и современными. Ведь комфорт в городе начинается с качественной инфраструктуры.

Не стоит забывать и о местах общего пользования – таких как парки, скверы, пешеходные зоны. Как часто хочется прогуляться по красивому парку или уютному скверу, где есть всё для комфортного отдыха и общения с природой? Ваши предложения по созданию или ремонту таких объектов будут способствовать развитию этих важнейших зон города. Проектные инициативы, которые сделают эти места ещё более красивыми и удобными для прогулок, отдыха и активного времяпрепровождения, обязательно найдут отклик среди жителей.

Ещё одной не менее актуальной темой является ремонт бордюров, брусчатки и подпорных стен. Внешний вид улиц города и их долговечность во многом зависят от таких, казалось бы, мелочей. Однако улучшение этих элементов городской инфраструктуры значительно повысит безопасность и общую привлекательность города. Хорошие дороги и тротуары, без трещин и разрушений, – залог комфортного и безопасного передвижения.

Санитарное состояние города – это тоже важный аспект. Чистота и порядок в общественных местах – ответственность каждого из нас. Однако значительный вклад в улучшение санитарной ситуации могут внести проекты по ликвидации свалок и улучшению системы утилизации отходов. Все мы стремимся к тому, чтобы город был не только красивым, но и чистым. Программы, направленные на улучшение уборки и очистки территории, помогут создать более приятную атмосферу для жизни и отдыха.

Если вам хочется, чтобы в городе было больше мест для активного отдыха и развлечений, предложите проект по установке беседок, скамеек, урн, детских и спортивных площадок. Элементы играют ключевую роль в улучшении качества жизни. Они создают зоны для отдыха, общения и активных игр, что особенно важно для семей с детьми и для людей, ведущих здоровый образ жизни. Проекты, которые предлагают улучшения в этой сфере, создают комфортную и динамичную среду для жизни.

Также нельзя забывать про освещение спортивных объектов и площадок для игры, чтобы жители могли заниматься спортом и отдыхать в любое время суток. Правильное освещение не только создаёт безопасную атмосферу, но и даёт возможность использовать спортивные площадки и зоны для отдыха в любое время, независимо от времени года и суток.

После сбора всех предложений наступит этап голосования. С 5 по 23 апреля жители города смогут выбрать наиболее важные и актуальные проекты. Каждый горожанин получит возможность повлиять на решение, какие именно проекты будут реализованы в первую очередь. Процесс голосования будет полностью прозрачен, и каждый сможет увидеть, как его предложение реализуется на практике.

Не упустите шанс стать частью этих изменений! Ваши идеи могут стать тем, что сделает жизнь в регионе более комфортной, безопасной и красивой. Для получения дополнительной информации и подачи предложений обращайтесь в акимат города Ерейментау.

**ПРЕОБРАЖЕНИЕ**

Напомним, в прошлом году в Ерейментау состоялось долгожданное открытие обновленной площади у вокзала, ставшей ярким примером того, как идеи жителей могут кардинально изменить облик города. Автором проекта выступила депутат районного маслихата Наталия Курникова, а подрядчик ИП «Сергиенко» выполнил работы на сумму свыше 19 миллионов тенге.

На церемонии открытия аким Ерейментауского района Нурлан Мукатов подчеркнул важность инициатив, исходящих от самих горожан, и поблагодарил автора проекта и подрядчика за значительный вклад в развитие города. Он отметил, что такие проекты демонстрируют реальное вовлечение жителей в благоустройство и выразил уверенность в том, что механизм БНУ продолжит свою эффективную работу в будущем. Также аким сообщил, что в 2026 году на реализацию нового проекта, выбранного по итогам голосования, будет выделена значительная сумма. Перспективы действительно вдохновляют, не правда ли?




Но не только площадь у вокзала стала ярким примером участия жителей в преображении города. Первым объектом БНУ в Ерейментау стала парковая зона на улице Ауэзова. Реализованная годом ранее, она быстро завоевала популярность среди горожан, став местом, где можно спокойно отдохнуть или провести время с семьёй. Место стало любимым уголком для прогулок и общения с природой, а его успех стал залогом будущих проектов.

Каждый новый проект БНУ продолжает линию преобразований в городе, расширяя доступные для горожан зоны для отдыха и улучшая городскую среду. Площадь у вокзала – лишь один из шагов в этом большом процессе. Все эти изменения напрямую зависят от вас, дорогие горожане. Ваши идеи и предложения имеют значение, и они могут стать основой для новых, столь же успешных преобразований. А голосование – шанс каждому из вас повлиять на то, каким станет ваш родной город.

Процесс участия в БНУ не просто формальность – это реальный способ повлиять на облик города. И каждый новый проект, независимо от того, касается ли он благоустройства, санитарии или спортивных объектов, становится шагом к созданию ещё более удобной и современной городской среды. Ваши идеи могут изменить жизнь в Ерейментау, и каждый из вас может быть тем, кто определит, каким будет будущее нашего города. Не оставайтесь в стороне – проявите инициативу и станьте частью этих важных изменений!

# ВНЕДРЕНА СИСТЕМА ЕРЦ

В связи с реализацией ТОО «Repoint» обязательств по публичному договору на оказание услуг по вывозу твёрдых бытовых отходов (ТБО), а также в целях повышения прозрачности и удобства расчётов, в городе Ерейментау впервые внедрена система Единого расчётного центра (ЕРЦ) для оплаты услуг по вывозу ТБО.

Применение системы ЕРЦ позволяет:
- упростить процесс оплаты коммунальных услуг;
- обеспечить прозрачность начислений;
- исключить дублирующие и ошибочные платежи;
- учитывать предоставляемые льготы в автоматизированном режиме.

О корректировке начислений и льгот

В случае выявления неточностей в начислениях, в том числе начислений без учёта предусмотренных льгот, просим вас обратиться в администрацию ТОО «Repoint» для проведения корректировки.

Льготы в размере 100% освобождения от оплаты за вывоз ТБО предоставляются следующим категориям граждан (при наличии подтверждающих документов):
- участникам Великой Отечественной войны и труженикам тыла;
- матерям, награждённым государственными наградами «Алтын алқа» и «Күміс алқа»;
- лицам с инвалидностью I группы;
- пенсионерам в возрасте старше 80 лет;
- многодетным семьям с пятью и более детьми (последующие дети освобождаются от оплаты за вывоз ТБО).

Порядок внесения корректировок: для внесения изменений необходимо...
- обратиться в администрацию ТОО «Repoint»;
- предоставить заявление и документы, подтверждающие право на льготу.
- после рассмотрения обращения:
- данные будут откорректированы;
- излишне начисленные и оплаченные денежные средства будут возвращены заявителю через систему Единого расчётного центра (ЕРЦ).

Сообщаем, что ТОО «Repoint» осуществляет деятельность по вывозу ТБО на законных основаниях:

1. Публичный договор на оказание услуг по вывозу ТБО, предусматривающий охват всего населения города Ерейментау;
2. Тариф, утверждённый Решением Ерейментауского районного маслихата № 8С-36/5-25 от 17 января 2025 года.

Контактная информация: Администрация ТОО «Repoint» находится по адресу: г. Ерейментау, ул. Кунанбаева, 115, здание наголовой.



Изображение с инстаграм-страницы отдела ЖКХ

# ИСТОРИЯ, КОТОРУЮ НЕЛЬЗЯ ЗАБЫТЬ

В школе-лицее имени Богенбай батыра прошел музейный урок, приуроченный к важной дате – выводу советских войск из Афганистана. Но вместо обычной лекции о событиях той войны, школьники стали свидетелями встречи с человеком, чья судьба неразрывно связана с этой страницей истории. Жамбыл Кенжетайулы, ветеран афганской войны, рассказал о том, что происходило на поле боя, о товариществе и стойкости духа, о том, как важно оставаться верным долгу даже в самых тяжелых условиях. Какие уроки из его рассказов останутся в памяти молодежи и как они помогут понять значение этой войны для каждого из нас – об этом читайте далее.



Фото с Instagram-страницы историко-краеведческого музея имени Бөгенбай батыра

Цель урока была простая, но важная – помочь школьникам осознать, как ценен мир, в котором мы живем. Понимание, что мир и спокойствие – не просто привычное состояние, а нечто хрупкое, что может быть разрушено, приводит к более глубокому осознанию патриотизма и ответственности за свою страну. Война в Афганистане, несмотря на её политическую неоднозначность, стала проверкой для множества людей. Она показала, как в тяжелейших условиях можно сохранить честь и человечность. И именно это Жамбыл Кенжетайулы, ветеран афганской войны, передал учащимся, делясь своим личным опытом.

Жамбыл Кенжетайулы стал не просто гостем на этом мероприятии – он живое воплощение того братства, которое существует среди солдат. Его рассказы о войне были полны человечности и мудрости. Когда он говорил о товарищах по оружию, о том, как важна была поддержка друг друга в тяжелейшие моменты, это вызывало у школьников настоящий интерес. Он рассказывал о том, как, несмотря на все ужасы войны, солдаты оставались верными своему долгу, помогали друг другу и защищали не только страну, но и собственные идеалы. Это, по его словам, и было настоящим братством – когда каждый из солдат знал, что он не один, что рядом есть люди, готовые прийти на помощь.

Заведующая музеем, которая также присутствовала на уроке, отметила, как важно проводить такие мероприятия, чтобы молодое поколение знало не только факты из учебников, но и реальные истории людей, прошедших через эти испытания. История афганской войны – живые судьбы, которые напрямую влияли на судьбы целых семей, целых поколений. И когда дети слышат эти истории из уст тех, кто был там, они начинают лучше понимать, что значит быть патриотом, что значит ценить мир и отдать долг своей стране.

На уроке также не обошли вниманием вклад Жамбыла Кенжетайұлы в воспитание молодёжи. Особое внимание было уделено его работе с детьми. Как отметила заместитель директора школы по воспитательной работе Асемгуль Амангельдиевна, ветеран афганской войны открыл спортивные секции, где подростки могли не только развивать физическую силу, но и учиться дисциплине, настойчивости и целеустремленности. В условиях современного мира, когда молодёжь нередко склоняется к лёгким путям, умение преодолевать трудности, работать над собой и не сдаваться становится особенно важным. Именно эти качества помогают достигать настоящих успехов.

Ученики 9-10 классов, присутствовавшие на встрече, активно задавали вопросы Жамбылу Кенжетайулы. Они интересовались не только конкретными событиями войны, но и тем, как она повлияла на его мировоззрение, на восприятие жизни и человеческих ценностей. Ответы ветерана были полны жизненной мудрости, и в них не было ничего лишнего. Каждое его слово заставляло задуматься и сделало этот урок действительно ценным. Вопросы школьников были не просто любопытством, а искренним желанием понять, что происходило в те годы, и как не забыть уроки, которые таят в себе такие трагические события. И, возможно, такие разговоры помогут новому поколению избежать ошибок прошлого и сохранить память о тех, кто прошел через эти испытания.

# РАСКРЫТЫ
## САМЫЕ ХИТРЫЕ СХЕМЫ

В рамках оперативно-профилактического мероприятия «Anti-fraud» в Ерейментауском районе сотрудники полиции провели встречи с представителями «АО АРэК» и Центра активного долголетия, чтобы рассказать о новых способах интернет-мошенничества. Мошенники не стоят на месте, и такие встречи стали настоящим спасением для людей старшего возраста, которые особенно уязвимы для обмана.

Фото с Instagram-страницы отдела полиции



Участники встреч поделились своими переживаниями. Многие, особенно пожилые люди, отметили, как часто они сталкиваются с подозрительными звонками. Одной из женщин позвонили и сказали, что на её имя оформлен кредит, а потом предложили перевести деньги на «безопасный счет». Поначалу она испугалась, ведь такие ситуации могут выбить из колеи, особенно если не понимаешь, как вести себя в таком моменте.

Но что особенно важно, после встречи люди начали понимать, что мошенники действуют по одной и той же схеме: звонят или пишут сообщения, представляясь сотрудниками банка или других организаций. Задача – вызвать панику и заставить человека сообщить код из SMS или перевести деньги на чужой счёт.

Участники встречи, особенно старшие, признались, что часто чувствуют себя неуверенно, когда приходится разбираться с новыми технологиями или разговаривать с незнакомыми людьми по телефону. Это и становится причиной того, что они оказываются в ловушке обмана. Но, благодаря таким встречам, многие теперь точно знают: ни банк, ни государственные органы никогда не просят сообщать коды, брать кредиты или переводить деньги. Понимание этого дало уверенность в защите собственных средств.

Интересно, что многие пожилые участники выразили благодарность за информацию, которую они получили, и поделились, как важен такой «сигнал» от внешнего мира. Для них всегда было важно, чтобы кто-то объяснил, как не попасть на мошенников. Звонки, пугающие угрозами, иногда кажутся более реальными, когда не знаешь, как на них реагировать.

Но, наверное, самое ценное, что вынесли участники, это уверенность: в случае сомнений всегда можно остановиться, прервать разговор и перезвонить в банк или службу по официальному номеру. Оказавшись в такой ситуации, главное – не поддаваться на уловки и не торопиться с решением.

**Смотрите видео через QR-код**

Применение права является одной из ключевых форм реализации правовых норм и играет решающую роль в обеспечении законности, справедливости и правопорядка в государстве. Однако на практике процесс применения права сталкивается с рядом сложных и противоречивых проблем, которые остаются актуальными как для развитых, так и для развивающихся правовых систем. Эти проблемы затрагивают деятельность судов, правоохранительных органов, органов исполнительной власти и напрямую влияют на уровень доверия граждан к государству и праву в целом.

# АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРИМЕНЕНИЯ ПРАВА

Изображение из открытых источников



Одной из наиболее острых проблем применения права является неоднозначность и пробельность законодательства. Несмотря на постоянное обновление нормативно-правовых актов, многие правовые нормы сформулированы слишком обобщенно или, наоборот, чрезмерно сложно. Это приводит к различным толкованиям одной и той же нормы, что особенно заметно в судебной практике. В результате одинаковые по сути дела могут решаться по-разному, что нарушает принцип правовой определенности и равенства граждан перед законом.

Тесно связанной с этой проблемой является коллизия норм права — ситуация, при которой разные нормативные акты противоречат друг другу. Коллизии возникают из-за несогласованности законодательства, быстрого темпа его изменения, а также из-за недостаточной систематизации правовых актов. В таких условиях правоприменитель вынужден самостоятельно выбирать, какую норму применять, что увеличивает риск субъективизма и ошибок.

Еще одной значимой проблемой является низкий уровень правовой культуры и профессиональной подготовки правоприменителей. Эффективное применение права требует не только знания законодательства, но и умения анализировать факты, правильно квалифицировать правовые ситуации, учитывать принципы права и судебную практику. Однако на практике встречаются случаи формального подхода к рассмотрению дел, поверхностного анализа доказательств и игнорирования прав человека. Это особенно опасно в уголовном и административном праве, где цена ошибки может быть крайне высокой.

Серьезной проблемой остается и коррупция в сфере правоприменения. Незаконное влияние на принятие решений подрывает саму сущность права как инструмента справедливости. Коррупционные проявления ведут к избирательному применению закона, когда одни лица несут ответственность по всей строгости, а другие избегают наказания. Это формирует у граждан ощущение несправедливости и бесполезности законных способов защиты своих прав.

В условиях цифровизации общества появляются новые вызовы для применения права. Развитие информационных технологий, искусственного интеллекта, электронных сервисов требует адаптации традиционных правовых механизмов. На практике возникают трудности с доказательствами в цифровой форме, защитой персональных данных, определением ответственности за действия, совершенные в интернете. Законодательство часто не успевает за технологическими изменениями, что создает правовой вакуум и осложняет работу правоприменителей.

Отдельного внимания заслуживает проблема затягивания правоприменительных процедур. Длительное рассмотрение дел, бюрократические барьеры, перегруженность судов и государственных органов снижают эффективность защиты прав граждан. В результате даже законное и обоснованное решение может утратить свою ценность из-за несвоевременного исполнения. Это особенно актуально для социально уязвимых групп населения, которые нуждаются в быстрой и реальной защите.

Также важной проблемой является несоответствие между нормой права и реальными общественными отношениями. Иногда законы формально существуют, но фактически не работают из-за экономических, социальных или культурных факторов. В таких случаях правоприменение превращается в формальность, а право теряет свою регулятивную функцию. Это требует от государства более гибкого и комплексного подхода к правовому регулированию.

Для решения указанных проблем необходимо проведение системных реформ. В первую очередь это совершенствование законодательства, устранение пробелов и коллизий, упрощение правовых норм. Не менее важно повышение профессионального уровня правоприменителей, развитие правового образования и формирование высокой правовой культуры. Борьба с коррупцией, внедрение цифровых технологий, обеспечение прозрачности и открытости правоприменительных процессов также играют ключевую роль.

**Г.Ж. Сисингалиев, председатель Ерейментауского районного суда**



Разворотный лист подготовила Жанар Ахметова, журналист
+7 778 878 89 89
t.me/janarakhmet
zhanarakhmetova90@gmail.com

# АҚЫН ҚАЛАМЫНАН ТУҒАН АЛҒАШҚЫ РОМАН

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Сайлау Байбосынның «Ажалын жоғалтқан адам» атты тұңғыш романы жарық көрді.



Поэзиясымен оқырман жүрегінен ойып тұрып орын алған қаламгердің прозаға да бет бұрып жүргенін оқырман қауым жақсы біледі. Автор бұл жолы детектив жанрына жақын туындысымен әдеби ортаға жаңа серпін әкеліп отыр. Бұл – жай ғана жаңа кітаптың жарық көруі емес, ақындық әлемнен прозаға батыл қадам жасап жүрген қаламгердің шығармашылық шыңдалуының айқын көрінісі дер едік. Жасы 70-ке қараған қаламгердің тұңғыш романы енді туса, оның құндылығы жоғары екені айтпаса да түсінікті шығар?!

«Ажалын жоғалтқан адам» – детектив жанрына жақын болғанмен, классикалық қылмыс пен оның шешіміне ғана құрылған шығарма емес екенін көзі қарақты оқырман бірден түсінеді. Бұл – адам жанының жұмбағын, тағдырдың тылсым бұрылыстарын, өмір мен өлім арасындағы арпалысты философиялық тұрғыдан пайымдайтын туынды. Роман оқырманды сыртқы оқиғамен қызықтырғаннан гөрі, ішкі толғанысқа, терең ойға жетелей түседі.

Рухани бағдарынан жаңылып, тағдыр тәлкегіне түскен, өмірдің мәнін неден іздеп табарын білмей, өзіндік соқпағынан сандалып, адасып қалған басты кейіпкер Арғынның образы кітапты оқыған оқырманның ойын сан-саққа жетелейді. Автор осы арқылы қоғамдағы моральдық дағдарыс, жалғыздық, жауапкершілік, таңдау мәселелерін ашық көтереді.

Романдағы кейіпкерлердің бәрі де тірі, ішкі қайшылығы терең сипатталған. Кітапты өз басым бір-ақ күнде бір деммен оқып шықтым. Оқиға қымқуыт өрілген сайын менің де санам сан-саққа кетіп, өзіндік ойым бірге өрби берген-ді. Жазушы кейіпкер психологиясын терең ашуға ден қойған. Мұнда әрекеттен бұрын ой сөйлейді, оқиғадан бұрын сезім алға шығады. Мұның ақындық болмыстың прозадағы жалғасы екеніне шүбә келтірмей, іштей ойға шомып қала бердім. Бірақ дәл осы ойымды кітаптың тұсаукесерінде Сенат депутаты, химия ғылымдарының докторы, профессор, руханият жанашыры Алтынбек Нұхұлы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов, белгілі қаламгер, жазушы, аудармашы Мәди Айымбетов ағаларымыз да дөп басып, Қызылтауда кіндік қаны тамған қаламгердің Жүсіпбекше жазу стиліне де ден қойып жатқанына куә болдық. Тың туындыға тау тұлға ағалардан асып баға бере алмайтынымды анық білемін. Дей тұрғанмен, шығарма тілінің айрықша назар аудартатыны – шындық. Себебі Сайлау Байбосынның поэзияға тән бейнелі ойлау жүйесі романда анық сезіледі. Әрбір сөйлеміндегі салмақ, әр детальдағы ишара романды бір деммен оқып шыққанның өзінде, оқиғаға қайта орала беріп, ой сүзгісінен өткізіп отыруды қажет ететінін аңғарасың.

Бұл тұсаукесерді автор үшін де жаңа кітаптың ғана емес, жаңа әдеби белестің басталуы деп білеміз. «Ажалын жоғалтқан адамның» өз оқырманын табатынына, ой салатынына, тұшымды пікір тудырып, әлі де талай талқыға түсетініне күмән жоқ. Ал әдебиет үшін ең маңыздысы да – осы! Жанрлық табиғатында детектив пен философиялық проза арасы үндескен тың туынды – детектив жанрына аса жақын болғанымен, классикалық үлгідегі қылмысты ашу схемасына толық бағынбауымен де қазақы тәрбие, ұлттық құндылық, өшіп қалған Қазақ ошағының қайта жануы сынды моральдық биіктікті бірінші орынға қойғанын оқырман бірден түсінеді.

Романның басты артықшылығы да тілдік қуатында екеніне тұсаукесерде сөз алған Мәжіліс депутаты, тіл жанашыры, ақын Қазыбек Иса ерекше тоқталып өтті. Оқиғалар желісі шиеленісті болғанмен, автор асығыстыққа бармайды. Әр эпизод белгілі бір идеялық жүктемемен беріліп, жаны қиналып, ажалмен бетпе-бет келгендей жағдайлардың өзінде бас кейіпкер арқылы қазақы отбасындағы әженің айтқан әрбір сөзін санадан сығалатып қоюы – авторды оқырманын тек сюжет қызығымен емес, ой салмағымен де ұстап тұрудың шебері ретінде танытады.

Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада өткен бұл тұсаукесерде іс-шараны ұйымдастырушы – «Амангелді Иман» қоғамдық қоры, оның төрайымы Толқын Сұлтановаға автор ерекше алғыс білдіріп, Мәшһүр Жүсіптің 20 томдық кітабын қорға арнайы сыйлағанына куә болдық.

Айта кету керек, астаналық кәсіпкер Еркін Сейітжанов – есімі елдің энергетикалық саласына танылғанмен, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосып жүрген азаматтардың бірі. Кәсіпкер автордың тұңғыш романын баспадан шығарып беруге демеуші болған. Өз кезегінде сөз алған Еркін мырза автордың шығармашылығына ерекше тәнті екенін айтып, Сайлау Байбосынның алдағы уақытта өлкетанушы, шежіреші ретінде де атқарып жүрген игі істерін жандандырып, Қазақтың ұланғайыр даласына арнайы экспедиция ұйымдастыруға демеушілік жасайтынын айтып өтті. Қазақтың осындай Атымтай жомарт жақсылары демеп тұрса, ақын-жазушыларының қаламына да қуат бітеріне күмән жоқ.

Сайлау Байбосын өзінің «Ақындар» деген өлеңінде:

«Жапырақты жырға қосып күзге ерген,
Адамдаймыз жұмағыңды жүз көрген.
Өмір өтіп бара жатыр, қайтейін,
Табылмайтын бірдеңені іздеумен...»

– деп жырлайды. Жерлес ағама алдағы уақытта да сол «бірдеңелерді іздеуден» жалықпай, жыр тұлпары мен сөз сұңқары сай болып, оқырман қауымның ыстық ықыласына кенеле беруіне тілекшімін.

**Әсел ЖАҚСЫБАЙ,**
**Қазақстан журналистер одағының мүшесі,**
**Қазақ радиосының редакторы**

**QR-код арқылы қараңыз**

# Олимпиадашыларды қолдау – ортақ парыз

Осы күндері Италияның Милан мен Кортина-д'Ампеццо қалаларында өтіп жатқан XXV қысқы Олимпия ойындары – күллі әлем назарын өзіне аударған басты спорт додасы. Бұл – төрт жылдықтың ең ірі әрі ең жауапты жарысы.



Аталған дүбірлі додада Ақмола облысынан 6 спортшы еліміздің намысын қорғап жатыр. Атап айтқанда, шорт-трек бойынша Денис Никиша, Яна Хан, Ольга Тихонова, ал шаңғы жарысынан Ксения Шалыгина, Надежда Степашкина және Анна Мельник сынға түседі. Бұл – өңіріміз үшін үлкен мақтаныш әрі жас буынға айқын үлгі.

Осы спортшыларды қолдау, сондай-ақ бұқаралық спортты дамыту мақсатында Ерейментау ауданында жаппай шаңғы жарысы ұйымдастырылды. Аудандық спорттық іс-шараға балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің тәрбиеленушілері, спорт әуесқойлары мен ардагерлер қатысып, шамамен 130 адам жарыс жолына шықты.

Ол тиісті деңгейде ұйымшылдықпен, көтеріңкі көңіл күйде өтті. Бұл іс-шара тек спорттық бәсеке ғана емес, ел бірлігін, олимпиадашыларға деген ортақ қолдауды білдіретін маңызды бастама болды. Қатысушылар қысқы спорт түрлеріне деген қызығушылықтың артып келе жатқанын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Іс-шарада Ерейментау ауданының құрметті азаматы, спорт ардагері Виктор Рябуха қатысушылар мен ұйымдастырушыларға жылы лебіз білдірді.

– Спорт – ұлтты біріктіретін, рухты шыңдайтын үлкен күш. Бүгінгі шаңғы жарысына шыққан әрбір қатысушы – саламатты өмір салтын таңдаған азамат. Біз Олимпиадаға аттанған спортшыларымызды осындай игі істермен қолдап отырмыз. Жастардың спортқа деген қызығушылығын көріп қуанамын. Бұл – болашақ жеңістердің бастауы, – деді ол.

Мұндай спорттық жарыстар аудан тұрғындарының белсенділігін арттырып қана қоймай, отансүйгіштік пен жеңіске деген сенімді нығайтады. Олимпиада төрінде ел намысын қорғайтын жерлестерімізге көрсетілген бұл қолдау – баршамыздың ортақ тілегіміз бен үмітіміздің айғағы.

**Бахтияр ЖЕПЕНОВ,**
**Ерейментау ауданы әкімінің кеңесшісі, баспасөз хатшысы**

**QR-код арқылы қараңыз**

Ерейментау қаласында Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновтің арнайы қатысуымен №24 өрт сөндіру бөлімі салтанатты түрде ашылды.

# Ерейментауда өрт сөндіру бөлімі ашылды

Ерейментау – өндірістік әлеуеті бар, әлеуметтік нысандары мен кәсіпкерлік субъектілері шоғырланған аудан орталығы. Қала мен оған қарасты елді мекендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында заманауи өрт сөндіру бөлімінің іске қосылуы – өңір үшін маңызды оқиға.

Салтанатты рәсімде министр құтқарушыларды жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, бұл бөлімнің халық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен рөл атқаратынын атап өтті.

– Жаңа өрт сөндіру бөлімінің ашылуы – тұрғындардың қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған нақты қадам. Материалдық-техникалық базаны жаңарту – біздің басты міндетіміз. Сіздердің кәсібиліктеріңіз бен адал қызметтеріңіз – ел тыныштығының кепілі, – деді Шыңғыс Әрінов.

Іс-шарада өңірлік бөлімшелерге жаңа арнайы техникалардың кілттері табыс етілді.

- Toyota Hilux маркалы автокөлігі Ерейментау ауданы ТЖБ бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау подполковнигі Әлішер Тұрсымбаевқа;
- ТРЭКОЛ арнайы техникасы №24 өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры Асылхан Шошановқа;
- өрт сөндіру автокөлігі №24 өрт сөндіру бөлімінің аға жүргізушісі, азаматтық қорғау старшинасы Рахат Әбіловке тапсырылды.

Сондай-ақ ТРЭКОЛ арнайы техникасының кілті Степногорск қаласындағы №3 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры Қайыржан Нұржаксинге берілді.

Департаменттің өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру басқармасына да бір Toyota Hilux автокөлігі табыс етілді.

Ал №24 өрт сөндіру бөлімінің бастығы жаңа ғимараттың символдық кілтін алды.

Жаңа бөлім заманауи талаптарға сай жабдықталған және Ерейментау қаласы мен аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қызмет етеді. Енді бұл нысан төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігін арттырып, өңірдің қауіпсіздік деңгейін жаңа сатыға көтеретін болады.

**Бахтияр ЖЕПЕНОВ,**
**Ерейментау ауданы әкімінің кеңесшісі, баспасөз хатшысы**

ЕРЕЙМЕН

**Меншік иесі – «Altyndala Media» ЖШС**

**Директор – Рина АМАНБЕК**

Бас редактор
**Еркеғали БЕЙСЕНОВ**

Бас редактордың орынбасары
**Дастан КЕНЖАЛИН**

Веб-редактор
**Гүлдана БАЛТАБАЙҚЫЗЫ**

Орыс редакциясының меңгерушісі
**Жанар АХМЕТОВА**

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
**Ербол ҚАНАТҰЛЫ**

Корректор
**Ерік ЕЛЕУСІЗ**

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172 )99 77 77
- Таралымы 1 500

**Бағасы келісім бойынша**

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның жұма күні) шығады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде 14.01.2026 ж. тіркеліп, № KZ11VPY00139414 куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 31.03.1992 ж., 110-Г.

**Редакция мекенжайы:**
Ерейментау қаласы,
Деповская 21/2

**Байланыс телефоны:**
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «ЕРЕЙМЕН» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

**ereimengazeti@gmail.com**
www.ereimeninfo.kz